

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қ.

2025 жылғы 05 тамыз

KASE клиринг орталығына "Тұрақты" болжамымен BBB кредиттік рейтингі берілді

"KASE клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі – Клирингілік орталық) Fitch Ratings Ltd халықаралық агенттігінен "Тұрақты" болжамымен BBB деңгейінде ұзақмерзімді кредиттік рейтингін (Long-Term Issuer Default Rating) алғаны туралы хабарлайды.

Бұл кредиттік рейтинг – "үлкен үштік" рейтингілік агенттігінің орталық контрагенттің өз міндеттемелері бойынша жауап беру қабілеті туралы сараптамалық пікірі. Орталық контрагентті бағалау қаржылық есептілікті талдау негізінде жүзеге асырылады, бұл ретте оның қызметінің ерекшелігі мен мемлекеттік қолдау деңгейі ескеріледі.

Орталық контрагентті бағалау кезінде рейтингілік агенттіктер оның қызметінің келесі аспектілерін ескереді:

- ірі қатысушының шоғырлануы,
- кепілдік қорының жеткіліктілігі,
- маржалық қамтамасыз етудің жеткіліктілігі,
- инвестициялық саясат,
- CPMI-IOSCO PFMI талаптарына сәйкестігі.

Клирингілік орталыққа "Тұрақты" болжамымен BBB- (кредит қабілеттілігінің жеткілікті деңгейі) рейтингін беру оның қызметінің тұрақтылығы мен сенімділігін көрсететін факторлар жиынтығының нәтижесі болды.

Клирингілік орталықты бағалау аспектілерінің бірі мемлекеттік қолдау болды: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Клирингілік орталыққа жүйелі маңызы бар қаржы ұйымы мәртебесін берді, бұл Ұлттық Банкті қолдау механизмдеріне қол жеткізуді тұспалдайды.

Ақпараттық технологиялар және қызметтің үздіксіздігін басқару салаларында Клирингілік орталықтың "Қазақстан қор биржасы" АҚ-пен (бұдан әрі – Биржа) интеграциясының жоғары дәрежесі де маңызды рөл атқарды.

Биржа Қазақстан Республикасындағы қор, ақша, валюта нарықтарында сауда-саттықты ұйымдастыру жөніндегі жетекші институт болып табылады. Клирингілік орталық клиринг және есеп айырысу қызметін, сондай-ақ Биржаның барлық нарығында орталық контрагенттің қызметтерін ұсынады.

Клирингілік орталық халықаралық стандарттарға және халықаралық нарықтағы үздік бизнес-тәжірибелерге сәйкес келетін нарықтық тәуекелдерді басқарудың тұрақты жүйесін көрсетті.

Консервативті инвестициялық саясат жоғары өтімділік пен қаржылық тұрақтылықты сақтауға ықпал етеді.

Рейтингілік агенттік операциялық тәуекелдерді, әсіресе IT-инфрақұрылымның жұмыс істеуі бөлігінде бақылаудың сенімді жүйесін атап өтті. Кірістің тұрақтылығы және Биржаның да, Клирингілік орталықтың да жоғары капиталдандыру деңгейі инвестициялық деңгейдегі рейтингіні

берудің негізділігін одан әрі нығайтты. Мұның бәрі Клирингілік орталықтың елдің қаржы жүйесіндегі орнықты позициясын растайды.

"Fitch-тің рейтинг беруін біз ұйымдастырылған капитал нарығының инфрақұрылымын дамытудағы маңызды қадам ретінде қарастырамыз. Бұл рейтинг біздің несиелік тұрақтылығымызды және есеп айырысу мен клирингіге қатысушылар алдындағы міндеттемелерімізді орындау қабілетімізді көрсетеді. Сонымен қатар бұл – кәсіби қатысушылар мен әлеуетті инвесторлардың, соның ішінде халықаралық инвесторлардың тәуекелдерін бағалаудың түсінікті және жан-жақты құралы. Бұл әсіресе орталықтандырылған клирингіні одан әрі дамыту және Қазақстанның қор нарығына жаһандық капиталды тарту тұрғысынан маңызды", – деп "KASE клиринг орталығы" АҚ Басқарма төрағасы Наталья Хорошевская атап өтті.

Айта кету керек, Клирингілік орталықтың рейтингі Қазақстан Республикасының егеменді рейтингінен бір саты төмен және елдегі ірі банктердің рейтинг деңгейіне сәйкес келеді.

Бүгінгі күні Клирингілік орталық – Қазақстан мен өңірдің қаржы нарығының осындай деңгейдегі кредиттік рейтингін алған жалғыз инфрақұрылымдық ұйымы. Бұл клиринг және есеп айырысу саласындағы біздің жұмыс моделіміздің бірегейлігін көрсетеді және оны халықаралық қаржы инфрақұрылымдарымен бір қатарға қоюға мүмкіндік береді.

Анықтама үшін

"KASE клиринг орталығы" АҚ Биржаның еншілес ұйымы – "eTrade.kz" ЖШС-ны қайта құру жолымен құрылды және 2022 жылдың 21 маусымында тіркелген. КАСС Биржаның 2024 жылға дейінгі даму стратегиясының "Негізгі инфрақұрылымдық элемент ретінде орталық контрагентті дамыту" бағытына сәйкес құрылған. 2024 жылдың 03 маусымынан бастап Клирингілік орталық клиринг және есеп айырысу қызметін жүзеге асырады, сондай-ақ барлық KASE нарығында орталық контрагенттің функцияларын орындайды.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz